

А.Б. Сарсенбаев , **А.С. Абдирайымова*** 

М. Тынышбаев атындағы Қазақ көлік коммуникация академиясы, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: ardak.abdiraimova@gmail.com

ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫ – ҚОҒАМДЫҚ ӨЗГЕРІСТІҢ БАСТЫ КҮШІ

Қазіргі кезеңде жастар саясаты Қазақстан елінің негізгі даму бағыттарының бірі болып табылады. Жастарға көңіл бөлген мемлекеттер ғана саяси және экономикалық табысқа жету мүмкіндігін алады. Жастардың зерттеу мен білім алу саласындағы әлеуетін тиімді қолдана білген мемлекет белгілі бір артықшылыққа ие болады. Сондықтан да Өлкедегі жас азаматтарымызды жалпы қоғамдық жұмыстарға қосу мақсатында жасалып жатқан шаралары іске асырылып, олардың өзін-өзі дамыту үдерісін жүзеге асыруы үшін мемлекеттік тұрғыда жағдай жасалуда. Елбасымыздың жастардың өткені мен болашағына қамқорлық көрсетуді мемлекеттің басымды бағыты ретінде ала отырып, негізгі даму бағыты деп санайды. Президенттің жыл сайынғы Жолдауларында қазақ жастарының мәселесін шешу мен ішкі жастар саясатын жетілдіру бойынша үкіметке тапсырмалар беріп жүргені аян, өйткені жастар қоғамның бір бөлігі ретінде мемлекетте маңызды рөл атқарады. Кез келген қоғамның жетекші күші – жастар. Жас азаматтар саясатының дұрыс жүргізілуі – қоғамның болашағының қалай болатындығының көрсеткіші. Кеңес үкіметі тұсында жүргізілген жастар саясатының өзіндік жоғарғы көрсеткішін ешкім жоққа шығара алмайды. Кезең-кезеңмен жүргізілген, «баспалдақты» жастар идеологиясы мен жастар саясаты қоғамның тұрақты түрде дамуына өзіндік септігін тигізді. Бүгінгі мақалада сол кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында қазақ жастарына сеніп тапсырылған жұмыстардың басты бағыттары мен негізгі күштері жайлы айтып өтеміз. Қазақ бозбалаларының, сол кезеңде аса ауыр жағдай кезінде жанкештілікпен атқарған жұмыстары мен халықтың аманшылығы үшін атқарған зор қызметтері арқылы, жастар саясатының дұрыс әлде бұрыс жүргізілгенін көре аламыз. Сонымен қатар, бұл мақалада қазақ бозбалаларының солақай саясаттың құрбаны болғанын, жастардың ізгі ниеттерінің барлығы халықты қанауға жұмсалғанын байқауға болады.

Түйін сөздер: Кеңес өкіметі, жастар, кооператив, ашаршылық, Т. Рысқұлов, ұжымдасу, жер-су реформасы, ЖЭС.

A.B. Sarsenbayev, A.S. Abdiraimova*

M. Tynyshpayev Kazakh Academy of Transport and Communications

*e-mail: ardak.abdiraimova@gmail.com

Kazakhstan's youth are the main force of social change

Today, youth policy is one of the main priorities of independent Kazakhstan. A state pays special attention to young people can achieve political and economic success. A state can effectively use the potential of young people in the field of innovation will have a strategic advantage. Therefore, in order to involve young people in the overall social process, various measures are being introduced to encourage young people and create conditions for their self-realization at the state level. The President believes that concern for the present and future of young people is the basis of his policy. It is known that in his traditional annual Message, gives fundamental instructions for improving youth policy, since young people play an important role in the state, as an irreplaceable part of society. In this article, we want to talk about the main directions and main forces of the work entrusted to Kazakh youth in the first years of Soviet power. Thanks to the selfless work of our youth in those difficult times and the great work they did for the benefit of their people, we can see how correctly or incorrectly the youth policy was implemented. The leading force in any society is the youth. The right youth policy is an indicator of the future of society. No one denies the high level of youth policy pursued by the Soviet government. Gradually, the "ladder" youth ideology and youth policy contributed to the sustainable development of society. In addition, this article deals with events when Kazakh youth were used by the government for political purposes, as a result of which young people became victims of left-wing policies and that all the good intentions of young people were used for further exploitation of the common population.

Key words: Soviet power, youth, cooperatives, famine, T. Ryskulov, collectivization, land and water reform, new economic policy.

А.Б. Сарсенбаев, А.С. Абдирайымова*

Казахская Академия транспорта и коммуникаций им М. Тынышпаева, Казахстан, г. Алматы,
*e-mail: ardak.abdiraimova@gmail.com

Казахстанская молодежь – главная сила социальных перемен

В настоящее время молодежная политика является одним из главных приоритетов Независимого Казахстана. Государство, которое уделяет особое внимание молодежи, способно достичь политического и экономического успеха. Государство, способное эффективно использовать потенциал молодежи в области инновации, будет иметь стратегическое преимущество. Поэтому для вовлечения молодежи в общий социальный процесс в стране внедряются различные меры по стимулированию молодежи и создаются условия для их самореализации на государственном уровне. Президент считает, что забота о настоящем и будущем молодых людей является основой его политики. Известно, что в своем традиционном ежегодном Послании он дает поручения по совершенствованию молодежной политики, поскольку молодые люди играют важную роль в государстве, как незаменимая часть общества. В данной статье рассматриваются основные направления работы, доверенной молодежи в первые годы советской власти, которая самоотверженно трудилась на благо своего народа. Кроме того, речь идет о событиях, когда казахская молодежь становилась жертвой политики правительства и все добрые намерения молодых людей использовались для дальнейшей эксплуатации простого населения.

Ключевые слова: советская власть, молодежь, кооперативы, голод, Т. Рыскулов, коллективизация, земельная и водная реформа, НЭП.

Кіріспе

«Жастар жылы» аясында қазақ бозбалаларының басындағы біраз мәселелерді мемлекет тарапынан шешу қолға алынды. Жас жанұялардың баласын балабақшаға орналастыру, жеке отау алуына көмектесу, бастарына шаңырақ беру, жұмыс мәселесін шешу, т.б. мәселелер аталмыш жылы біраз мемлекеттік деңгейге көтерілген болатын. Сол қазақ бозбалаларының кеңес дәуірі мен қазіргі кездегі қазақ бозбалаларының мінез-құлықтық және басты ұстанымдағы ерекшеліктері жайлы кеңінен зерттеулер жүргізу қажет деген ой туындайды. Тарихта болған оқиғалардың жастардың санасына әсер ету және олардың өмірлік мақсаттарының өзгеруіне де әкеп соқты деген мәселені зерттеу арқылы бозбалалар тәрбиесіне әсер ететін қоғамдық өзгерістерді сапалы түрде жүзеге асыруға мүмкіндік туады. Бүгінгі мақаламызда қазақ-кеңес бозбалаларының басынан өткен ауыртпашылық пен жүктелген жауапкершілікті қалай алып өткені жайлы айта отырып, қазақ бозбалаларының Кеңес үкіметінің алғаш орнай бастаған уақытында жасаған игі істеріне тоқталамыз.

Қазақ халқының ақтаңдақ тарихтарының бір кезеңі – қасіреті мен құпиясы мол кеңестік кезеңнің атап айтар, даттап жазар тұстары жеткілікті. Қазақ бозбалаларының тарихи және саяси белсенділігі, қазіргі Еуропа немесе Америка елдеріндегі секілді жоғарғы дәрежеде болмаса да, тарихи кезеңдердің ерекшеліктеріне сәйкес

өзіндік іс-қимылдары да жоқ емес. Тарихтың қойнауына үңілер болсақ, қазақ бозбалаларының жастық кезеңінде ұйымдастырушылық, ұлтжандылық қасиеттері кең түрде көрініс беріп отырғанымен, оның жалпыұлттық сипат алуы сирек болса да кездесіп отырды.

Методологиялық бөлім және дереккөздер

Бұл мақалада біз тарихи зерттеулерде көп қолданылатын – салыстырмалы-тарихи әдісті, уақыт бойынша жүйелейтін – мерзімдік әдісті және жалпы қорытынды шығаруға көмектесетін логикалық және жүйелілік әдістерді қолданамыз. Сонымен қатар, осы уақытқа дейінгі шыққан еңбектерге сараптама жасай отырып, талдау әдісін де пайдаланамыз.

Мақаланың деректік қорларына, осы уақытқа дейін шыққан қарастырылып отырған мәселе бойынша шетелдік және отандық, кеңестік Ресей зерттеушілерінің еңбектері, Орталық мұрағаттың құжаттарына негізделген ғылыми жинақтар және тікелей зерттеу объектісі – БЛКЖО отырыстарының жинақтары жатады.

Негізгі бөлім

Алдымен қысқаша түсініктеме. Қазақстан Мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасы Жалпыға бірдей адам құқықтары Декларациясының өзекті идеялары мен қағидаларына, БҰҰ Бас Ассамблеясының «Жастар дамуының 2000 жылға дейінгі дүниежүзілік іс-қимыл

бағдарламасының 50/81 қарарына, Сәби құқықтары туралы Конвенцияға, Қазақстан Конституциясына және ел Президентінің Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан-2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты Жолдауына сүйенеді (The history of mankind: scientific and cultural development, 2008: 125-127).

Сонымен, Кеңестік өкіметтің саясатына шыдамаған қазақ бозбалаларының “елім” деп еңіреуіне, қолдарына қару ұстап көтерілуіне талай себептер болғанымен, тегеруінді қарсыластармен айқасуға қауқарлары жетпей қырылып кетіп отырған. Оның үстіне “Болашақ сендерден басталады!” деген ұранмен Кеңес өкіметінің тұсында жастарды солақай саясаттың қолшоқпары ретінде пайдалану – жастарды адастыру мен шатастыруға алып келді. Соның нәтижесінде, қазақ бозбалаларының кеңестік өкімет тұсындағы қызметі мен өкіметті орнатудағы қазақ бозбалаларының орны жайлы іргелі еңбектер мен зерттеулер әлі де болса аз. Бүгінде біз қазақ халқының басынан өткен осы бір тарихи кезең кезіндегі жас азаматтардың ерен еңбегі мен жанкешті жұмыстарына тоқтала кетсек.

Азамат соғысы аяқталысымен, Кеңес елі алдында шаруашылық құрылыс міндеттерінің қатарында, ең алдымен, соғыс салдарынан қиратылған халық шаруашылығын қалпына келтіру міндеті тұрды.

Дегенмен, бұл өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының соғысқа дейінгі деңгейін жай қалпына келтіру ғана болған жоқ. Сонымен қатар, мұндағы басты міндет жаңа экономикалық саясат (ЖЭС) негізінде экономика іргетасының қалануын бастап, социализмді орнату мен дамыту құрылысына миллиондаған жұмысшыларды тарту болды.

Бұл адамзат тарихындағы ең бір ауыр және теңдесі жоқ міндет болып саналды. Миллиондаған жұмысшыларды, атап айтсақ кеңес өкіметіне сенім білдірген адам ресурстарын табу, оларды сенімге кіргізу, кеңес өкіметінің болашағы үшін жұмыс жасау, т.б. көптеген қиын жұмыстарды орындаудағы маңызды орын жас азаматтарға тапсырылды (Transnational youth stories ..., 2015: 145).

Жоғарыда атап көрсеткендей, XX ғасырдың 20-жылдарында Қазақстандағы экономикалық-әлеуметтік жағдай ауыр болатын. Осы кезеңде адам шығыны мен арты ашаршылыққа ұласқан 1916 жылғы көтерілісті, қаймағы бұзылмаған қазақ қоғамын алдымен адам, кейіннен мал шығынына ұшыратқан Азамат соғысын ерекше

атап көрсете аламыз. Осы азапты оқиғалардың нәтижесі ретінде 1921-1922 жылдардағы туындаған ашаршылық қоғамды біржола тұралатып кеткен еді.

Демографтардың есебі бойынша, 1915-1922 жылдар аралығында Жер-су реформасының нәтижесінде аштықтан қырылған және Азамат соғысы кезінде оққа ұшқан қазақтардың саны 800 мыңнан аса, ата-мекенінен біржола көшіп кеткендердің саны 200 мыңнан асып жығылған екен. Олардың шамамен алғанда 70 пайызы адамдары – 5-40 жастағы жеткіншектер мен ересектер болатын. Бұл аталған сандардың ортақ қорытындысы қазақ елінің шамамен бестен бірі еді (Тәтімов, 1992: 16-38).

Қазақ жастары Кеңес одағының құрылу кезеңінде

Қазақ жастарының өзіндік басқару мен өлкеге қызметі жайлы өткен Өлкелік конференцияда жасаған баяндамасында Қазобком хатшысы Корестелев «1921 және 1922 жылдың алғашқы жартысында облыстық комитет ауыр ашаршылық жағдайында жұмыс істеді» деп атап көрсеткен болатын. Сонымен қатар, сол Конференцияда сөйлеген сөзінде Оралдың губерниялық прокуроры Ы. Мұстамбайұлы сол жылдардағы қазақ ауылдарына ортақ мынадай дәлелдер келтірген еді: «...бұдан аз уақыт бұрын Орал губерниясындағы негізгі тұрғындары қазақ Жымпиты уезінде болған едім. 1917-1919 жылғы санақ бойынша мұнда тұрған 90 мың адамнан – 1922 жылғы жұттан соң 60 мың адам ғана қалған, демек 30 мың адам апатқа ұшыраған... Осы Жымпиты уезінде 22 жылы егіншілік жер көлемі 20 мың десятинадан асқан болса, қазір ... 23 жылы уезд жер басқармасының жоспарында бұл жер 12 мың десятинаға дейін кеміп кеткен. Ал Қарқаралы ауданының бірнеше болыстары себуге ұрық алудан бас тартып отыр, өйткені жұмыс малы жоқ» (Казахстанская организация ВКП(б) ..., 1931: 209-215).

Ауылшаруашылық саласында күйзеліске ұшырап отырған қазақ халқына жылдам көмек беруге жаңа биліктің де мүмкіншілігі жоғары емес болатын. Бірақ, ең алдымен қаржылай, жайылымдықпен немесе азық-түлікпен көмектесудің орнына өкімет бұл жұмыстарды тәжірибесі жоқ бозбалаларға берген болатын.

Болып жатқан жағдайлар бұрыннан қазақ қоғамында өмір сүріп келе жатқан кедейлердің Кеңес өкіметіне деген сенімін аяқ-асты еткен болатын. Осыған байланысты жоғарыда аталған конференцияда сөз сөйлеген тұлғалардың көпшілігі, атап айтсақ Асылбеков деген аза-

мат Семей губерниялық партия комитеті атынан сөйлеген Рубинштейннің тезистерінде қазақтардың арасындағы белең алған жұмыссыздық, қазақ жастарының арасындағы аштық, т.б. мәселелер туралы бірауыз сөз айтылмағандығына өз наразылығын білдіріп, «жергілікті жағдаймен есептесу керек еді, өйткені біз Германияда емес Қазақстанда өмір сүріп жатырмыз ғой» – деп көрсетті (Казахстанская организация ВКП(б) ..., 1931: 200-202).

Конференцияда сөз алған жұмысшылар Жәнібеков, Төлегенов, Жанғалиевтар, Бекенов, т.б. қазақ жұмысшыларының ауыр жағдайын айта отырып, олардың да арасында 1921-1922 жылдары дұрыс жүргізілмеген реформалардың нәтижесінде қазақ халқының ашаршылықтың кеңінен тарағанын, оның соңы үлкен адам шығынына да соқтырғандығын нақты деректермен баяндай отырып, көпшілікке жеткізуге тырысты. Ал шығыс өңірден келген жұмысшылар өкілі Калаубаев Семей губерниялық партия конференциясы барысында қазақ шаруалары мен жұмысшылары, оның ішінде қазақ бозбалаларының арасындағы жұмыссыздыққа назар аудармаған шығыс өлкелік ұйымның жергілікті басшылығын сынға алғаны біршама жанжал туғызып, Асылбековтің негізсіз «ұлтшыл» аталғандығын айтып өтті (Казахстанская организация ВКП(б) ..., 1931: 205-207).

Ауылшаруашылық саласының дағдарысы қазақ жастарының арасындағы жұмыссыздардың санын күрт көбейтіп, кедейлер мен жатақтардың қазақ қоғамындағы үлес салмағын көбейтіп жібергендігі анықталды. Осы жағдайға байланысты әртүрлі саланың өкілдері өз ойларын білдіріп, соның ішінде, атап айтсақ Вайнштейн мынадай сандық мәліметтер келтірді: «... қазақ қоғамындағы кедей қожалықтарының үлесі 72 пайыз, орта шаруашылықтар – 18 пайыз» (Казахстанская организация ВКП(б) ..., 1931: 207-208).

Жиналысқа қатысушылардың арасында бұл сандармен түбегейлі келіспеушілер болды. Атап айтсақ, өлкелік Азық-түлік халық комиссариатының басшысы Саматов негізінен «мал өсірумен айналысатын аудандарда 1-ден 5 басқа дейін малы барлар – 17,5-тен 10-ға дейінгілері – 21, 10-нан 20-ға дейінгілері – 13, ал малы 40-тан жоғары саналатындар – 0,5 пайыз деген дәлелдер келтіріп, жалпы қазақ шаруашылығында 1-2-ден 5-ке дейін малы бар шаруашылықтар үстемдік алып отыр» деп тұжырымдады (Казахстанская организация ВКП(б) ..., 1931: 207-208).

Қазақ қоғамының өкілдерінің басым көпшілігі кедей және орта қарапайым малшылар

мен егіншілерден тұратын қазақ ауылында, сондай-ақ саяси билік осындай кедей қоғамының шағымын тыңдап, мүддесін қорғайтын кеңес өкіметінің қолында тұрғанда бай-шонжарлармен күресті революциялық төтенше және жылдам шаралар арқылы емес, эволюциялық жолмен, атап айтсақ, экономикалық және саяси әдістер арқылы жүргізуге мүмкіндік жеткілікті болатын. Атап айтқанда, 20 ғасырдың басында Қазақ мемлекетінің кеңестік жағдайында «байлар мен буржуазиялық элементтерге қарсы күресте революциялық зорлықты жалғыз күрес құралы» деп шешім шығаруы жергілікті жағдайды толық қадағаланбауы мен толық түсінбеушілігінен туған тарихи және саяси қателік болатын.

Өлкелік конференция кезінде Е.М. Ярославский, А.И. Вайнштейн, т.б. ұсынған күрес әдісі шыныменде күрделі пікірталас тудырып, олардың нақты ұстанған және ұсынған бағыттарына С. Сәдуақасұлы, Ы. Мұстамбайұлы, Х. Нұрмұхамедов сияқты жергілікті жағдайды жақсы білетін, қазақ халқының табиғи ерекшелігін түсіне білетін партия қайраткерлері үзілді-кесілді қарсы шықты (Движение Алаш, 2011: 198-199).

Қазақстанда кеңес және партия жұмысының әлеуметтік базасын нығайту жолдарына арналған Вайнштейннің осындай қоғамдық-тарихи ерекшелігімен қатар, діни ерекшелігі де аталған мерзімде мемлекеттік саясатқа біршама дәрежеде ықпал жасады, «сондықтан да басқа дінді ұстанатын аудандарда табыспен жүргізілген үкімет саясаты, егер жан-жақты ойластырылмаса, сақтықпен жүргізбесе Түркістан жағдайында мүлде теріс қорытындылар беруі де мүмкін болатын» – деген қорытынды жасаған еді.

XX ғасырдың басында өмір сүрген Түркістан өңірінің басты шаруашылығының негізгі саласы – ауыл өнімі болатын. Қазан революциясынан соң елімізде жүзеге аса бастаған негізгі шаралардың бірі – аграрлық саладағы реформа болатын.

Кеңес үкіметінің жүргізген саясаты іс жүзіне асырылуы да осы ауылшаруашылық саласындағы реформаның түбегейлі мәселелерін шешуге байланысты болды. Өлке халқының негізгі бөлігі қарапайым малшылар мен егіншілер болуына байланысты, үкіметтің осы бір әлеуметтік топтарға қатысты саясатының дұрыс жүргізілуінің орасан зор тарихи маңызы бар еді. Жас азаматтар мен қарапайым малшылар мен егіншілер – Өлкенің ұлттық жұмысшы табы мен ұлттық интеллигенцияның қалыптасар ортасы, негізі қайнар көзі болатын.

Түркістан Өлкесінде 20 ғасырдың 20 жылдарында жүргізілген ауылшаруашылық саласының өзгерістеріне, яғни жер-су реформасының саяси, әлеуметтік және экономикалық маңызымен қатар, ең алдымен ұлттық мәселе болғаны айқын.

Өзгерістердің барысында аграрлық шаруашылық саласындағы, жер қатынасы мәселесіндегі патша үкіметінің отарлау саясатының қалдықтарын жою, яғни жергілікті халықтар мен қазақ жеріне көшіп келген (орыстар, казактар, т.б.) жерді пайдалану құқығын іс жүзінде теңестіру сияқты аса шиеленісті, өте күрделі мәселені шешуге талпыныс жасалынды.

Патша үкіметі мен Қоныс аудару басқармасы – қоныс аударушы қарапайым малшылар мен егіншілеріне жергілікті халықтың ата қоныс шұрайлы қоныстарын тартып әперіп, орналастырған еді. Оңтүстік өлкеге қоныстанған соң ерекше құқықтар мен артықшылықтарға ие болып, жергілікті халықты қанау арқылы орасан зор байлыққа кенеліп, отарлау дертін бойларына жұқтырған орыс қоныс аударушы қарапайым малшылар мен егіншілері кеңес өкіметінің аграрлы саясатына жанталаса қарсылық көрсетті (XX ғасыр басындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы, 2013).

Осы мәселені жас жеткіншектердің жастығы мен қарудың күші қолданыла отырып шешуге тура келді, яғни сол жылдары әскери азаматтардың көмегімен Өлкеде 151 орыс ауылдары, 175 казак хуторлары таратылып, зорлықпен салынған 100-ге жуық елді мекен жойылды. Түркістан аумағынан Ресейге аса ықпалды орыс шаруаларының 1084 отбасы көшірілді. Орыс кулактарынан тартып алынған 250 мыңнан аса десятина шұрайлы жер бөліктері бұрынғы иелеріне қайтарылды және иесі табылмаған 12,8 мың десятина жер жергілікті халықтардың кедейлеріне үлестіріліп берілді.

Т. Рысқұловтың еңбегі

Т. Рысқұловқа үкімет басшысы ретінде жер-су реформасын толық аяқтап, жерге қоныстандыру жұмыстарын соңына дейін жеткізу міндеті тиді. Бұл кезде жас азаматтардың мойнына артылған жерге қоныстандыру жұмыстарының негізгі мәселелері Өлкенің Жер шаруашылығы халық комиссариаты арқылы шешілетін болғандықтан, Т. Рысқұлов 1922 жылы күзде осы комиссариаттың басқарма мүшесі болып сайланады. Бұл оған Өлкеде іске асырылып жатқан жерге қоныстандыру жұмыстарына тікелей бақылау орнатуға мүмкіндік берді (Рыскулов, 1984: 45-47).

Жерге қоныстандыру жұмыстарын табыспен аяқтау – Өлке үкіметіне отаршылдықтың

қалдықтарына шешуші соққы беру және жергілікті халықтың жерсіз кедейлерін жермен қамтамасыз етіп, шаруашылықпен айналысуға мүмкіндік ашу сияқты аса маңызды проблеманы шешер еді.

Т. Рысқұлов жерге жаңадан қоныстанған кедейлерді ауыл шаруашылығы техникасымен, еңбек құралдарымен, тұқыммен және үкімет тарапынан берілетін қаржылай несиенен қамтамасыз ету, олардың құқықтарын заңды түрде қорғау мәселесіне де ерекше көңіл бөлді (Рыскулов, 1984: 47-48).

Кеңес елінің бейбіт құрылысқа көшуі тым ауыр жағдайда жүзеге асырылды. Қазақстанның Коммунистік партиясы Өлкенің ауыл шаруашылығына, оның басты қозғаушы күші – ауылдардағы саяси және шаруашылықты жұмыстарға көп көңіл бөлді.

«Жаңа экономикалық саясатқа байланысты экономикалық құрылыс бойынша» I облыстық партия конференциясының (1921, VI) шешімдерінде былай деп баса көрсетілген болатын: «... Ауылдың экономикалық өмірінің жаңа жағдайлары неғұрлым мықты шаруашылықтарды күшейтетінін ұғынған әл-ауқатты қарапайым малшылар мен егіншілер ауылдың саяси өмірінде көбірек үлестік салмаққа ие бола бастайтынына еш күмән жоқ, біз кедей қарапайым малшылар мен егіншілер ортасындағы жұмысымызды арттыра түсуіміз керек» (Казахстанская организация ВКП(б), 1931: 154).

Партияның X съезінің шешімі бойынша азық-түлік салғыртының орнына келген азық-түлік салығы шаруа шаруашылығын қалпына келтірудің маңызды шарасы болғанымен, 1920-21 жылдары Қазақстанның айтарлықтай аумағын қамтыған аштық бұл үрдістің дамуын тежеп отырды.

1921 жылдың тамыз айында Саратов қаласында ашаршылық зардабын тартқан губерниялардың РКЖО губкомдарының кеңесі өткізілді. Кеңесте кейбір губкомдардың ашаршылық жағдайында ескіше жұмыс жасауын жалғастыра отырып, бар күшін аштықпен күресуге салудың орнына, сауатсыздықты жоюмен, спортпен және т.б. істермен айналысып жатқандығы жөнінде айтыла отырып, болашақта істелуге тиіс деген істердің жоспары жасалынды (Омарбеков, 1997: 17-18).

Атап айтсақ:

1. Кеңесте ашаршылық басқан губернияларда жұмыс жасау нысандары белгіленді.

2. РКЖО бастауыш ұйымдарын ыдыраудан сақтап қалу, аштықпен күрес, жұмысшы жастар қатарын сақтау.

3. Келешекте өткізілетін барлық жас азаматтар съездерін «аштықпен күрес» ұранымен өткізу.

4. Жұмыстың үгіттеу, ұйымдастыру жұмысы және экономикалық нысандары осы бағдарламаның негізгі және анықтауыш нысандарына айналды.

Нақты қалыптасқан жағдай, осы жұмыста екпінділік ұстанымын (бар жұмысты маңызды учаскелерде шоғырландыру), партиямен байланысты күшейтуді талап етті.

Жастар ашыққандарға көмек көрсету комитеттеріне (компомгол) мүшелікке өтіп жатты. Ең белсенді жас азаматтар легі, астығы түсімді губернияларға жөнелтіліп, жиналған астықты күзету және қажетті орнына жеткізу, аштыққа ұрынған аймақтарына ашыққандарды, әсіресе жасөспірімдер мен балаларды қабылдау мен орналастыруда, қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастыруда (асханалар, тамақтандыру орындары), көші-қонды реттеу шараларына да қатыстырылды.

Жастар ұйымы және қоғамдық-экономикалық өмір

Жас азаматтар ұйымдары партияның ашыққандарға көмек беру апталықтарын ұйымдастырып, сол шараның барысында қаражат пен қайырымдылық тартуларын жинауды өткізу кезінде ең бірінші көмекшілері қатарында болды.

Жас азаматтар митингілер, қойылымдар, ән-жыр кештерін ұйымдастыруға көмек бере отырып, аталған шаралардан түскен қаражаттарды ашыққандарға көмек беруге жұмсалуды қадағалап, сондай-ақ олар іш-киім тігу және жөндеу бойынша сенбіліктер ұйымдастырып, қайырымдылық тартуларын жинап отырды. Қайырымдылық тартуларын жинау үшін плакаттары мен ұрандары бар арнайы арбалар ұйымдастырылып, әр түрлі аймақтар мен ауылдарға жіберілді.

1921 жылдың қыркүйек айында Қазақстан жас азаматтар облыстық комитеті «Жастар ашыққан балаларға» атты газеттің арнайы нөмірін үш мыңдық таратылыммен басып шығару жөнінде шешім қабылдады (Нұрпейісов, 1972: 19-22).

Жас қайраткерлер қараусыз қалған балалардың жағдайын жақсарту жөніндегі комиссияның жұмысына да қатысып отырды. Бұл жұмысқа негізінен жас азаматтар қатарындағы екпінді топтар тартылып, олар үлгілі қызметтің иелері қатарында саналды. Бұндай арнайы комиссия балалардың жағдайын анықтап, оларды

жас азаматтар қамқорлық көрсеткен балалар үйлеріне, ауқатты жанұяларға бөліп отырды.

1921 жылдың жазында Қазақстан жастар обкомы РКЖО-ның барлық мүшелерін аштықпен күресуге жұмылдырып, олардан 100 млн сом көлемінде ақша жинап беру міндеттемесін алды (Қазақстанская организация ВКП(б), 1931:88-89).

Қазақбозбалаларының халық шаруашылығын көтеру кезіндегі алдына қойған мақсаттары мен қазақ бозбалаларының кемшіліктері жайлы мына үзіндіде тамаша келтірілген: «... Фабрика, зауыт ашып, мәдениеті күшейген Европа соңғы ғасырда бір түрлі жүгенсіз кетті. Байлықтың соңына түскен фабриканттар, зауытшылар адамшылықты ұмытып алды. Байлардың дәулеті зорайып, өнері күшейген сайын жұмыскерлердің тұрмысы нашарланып, өмірі осалдана бастайды. Бір үйлі жанда бір жұмыскердің күшімен асырай алмайтындық білінеді. Жұмысқа әйелдер, балалар түсті. Бұлар жұмысқа айналғаннан кейін жұмыскерлердің жайы, тіпті ауырсынды. Он жасар, он бес жасар балалар күніне 12 сағат жұмыс қылатын болды. Жас жеткіншектер әуелде бұл секілді әділсіздікке шыдаса да, артынан ояна бастады. 1880 жылдарда Бельгия патшалығында бірінші жастар ұйымы ашылды. Содан кейін жас азаматтар қозғалысы ұлғая-ұлғая осы күні барлық жер жүзіне жайылды. Қазақ ішіне келсек, жастардың ұйымын туғызып отырған жалғыз шаруашылық жағы емес.

Біздің жас азаматтардың қандай кемшіліктері бар екендігін жоғарыда айтып өттік. Әйтсе де шаруашылық мәселесіне біздің жеткіншектердің өздерінің анық, ашық көзқарасы болу керек. Бұл мәселеге келгенде есте болатын бір сөз мынау. Ауыл шаруасындағы кедейлердің көбі кәсіпкершілік шаруасындағыдай жұмыстың көптігінен сорлы болып жүрген жоқ. Бәлкі, істеуге жұмыс таба алмағандықтан сорлы болып жүр. Маңайына кәсіп қыларлық жер болмаған соң, қазақтың кедейлері еріксіз байдың биесін сауып, атын ерттеп, содан ішкен саумалына риза болып жүр.

Жазды күні көп кедейдің жұмысы ел қыдыру, қысты күні ет аңду. «Ел ішінде кедей тоқ» дейді қазақ. Қазақ ішінде реттеліп, ғылым жүзінде бір тәртіпке қойылған еңбек жоқ. Әлі түгел еңбекке қатысқан жоқ. Бізге бақытқа жету үшін, тұрмысымызды түзету үшін бәріміз бірдей еңбекке кірісу керек.

Қазіргі күннің ұраны «Еңбек» болсын! Осы заманның бір белгісі: адамның (бір белгісі) мой-

ыны ешнәрсеге жар бермейді. Алты жылдай созылған соғыс, жалпы шаруаның күйзелгендігі жұртты әбден шаршатты. Жас жеткіншектер бұл ретінен қарағанда өздерінің атын ақтау керек. Қайтпас қайрат, қажымас жігер керек. Жас буын қай уақытта болса да, кеудесі түсіп, болашақтан үміт үзіп, жалқаулыққа салынбауы керек. Біз «болашақ жастардікі» дейміз. Олай болса, жасөспірімдер, көбінесе болашаққа қарасын. Ілгерінің тағдыры солардың қолында екенін ұмытпасын.

Енді жастардың құқықтары туралы. Қазақ ішінде бұл туралы осы күнге шейін болып келе жатқан көңілсіз істер бар. Кедейдің баласы оқымайды, кісілікке саналмайды, ел билеу істеріне қатыспайды, қашанда болса кедейлер жалпы ағымның сыртында қалады. Қазақтың жас азаматтары ұлтшылдық заманында да мұндай қисық жұмыстарға қарсы болатын. Біздің жазушыларымыздың жазғандарын, ақындарымыздың өлеңдерін оқып қарасаң, олар ылғи ондай тәртіпті сөгетінін көресің. Біздің жеткіншектердің ендігі ашылып отырған ұйымдары бұл мәселеге өте ашық көзбен қарауы керек. Бұрынғы тәртіпті шіріген тамырымен қопарып алып, анадай жерге лақтырып тастауы керек.

Біздің ұйымымызда барлық еңбекші жеткіншектерге есік ашық. Әсіресе байларда жүрген жұмыскер балалар, жас жігіттер бар. Соларға көздің қырын салып, белсеніп іске кірісуі керек. Бұл уақытқа шейін байлардың оларға істеп келген жәбіршілігін жою керек. Біз қазақты түзеу керек, оны бақытқа жеткізу керек дегенде олардың байларын, билерін алмаймыз. Қазақтың ішінде залалды байлар, билер жүзден он-ақ, өзгесінің бәрі еңбекші. Сондықтан өркеуде 5-6 адамның пайдасы тым-ақ керек емес. Біз жалпы қазақтың еңбекшілері түзелсін, жақсылық көрсө бәрі тұтас көрсін дейміз. Бұл сөзге басында ақылы бар қазақ өзі де қарсы айтпайды...» (Айдар, 1925: 7-8)

Осындай жас буын ұйымдары әрбір екі апта сайын РКЖО обкомына жасалған істері жөнінде баяндап отырды. Мұрағатта сақталған сондай мәліметтердің көпшілігінде, жиналған ақша көлемі де нақты көрсетілген.

Мысалға, Көкшетау жастар ұйымы 1921 жылдың жазында шамамен 15 млн сом ақша жинады; Ақмола губерниясының іш уезі бойынша ғана 29 млн сом жиналды (Победа Советской власти, 1967:65-67).

Кеңес өкіметі ашыққандарды құтқару мақсатында шіркеулік құндылықтарды тәркілеу

жөнінде қаулы қабылдаған кезде (1922 ж.), жас буын осындай маңызды шараның қажеттілігін түсіндіру компаниясына белсенді түрде қатысты. Бұл мәселе жиналыстарда кеңінен талқыланып, олардың шешімінде аштық жағдайында аса қажетті болып отырған осындай шараға қолдау көрсетілді. Партия ұйымы жас азаматтарға шіркеулік құндылықтарды тәркілеу бойынша жұмысты ақырын өткізуге нұсқау берді.

I Бүкілресейлік конференцияда (1921 жылдың маусым айы) жас жігіттер өздерінің алдына ауылшаруашылық кооперациясын құру жөніндегі жұмысқа қатысу міндетін қойды. Қазақстан жас буыны ұжымдастық идеясын азаматтық соғыс аяқталысымен-ақ үгіттеп, жүзеге асырып келді. Алғашқы жас буындар коммуналары өмірдің жаңа нысандарының өскіндері болып саналып, ортақ ұжымдық еңбек артықшылықтарының көрнекі мысалы ретінде орын тапты (Казахстанская организация ВКП(б), 1931: 45-49).

1921 жылдың орталарына қарай Қазақстанда аралас ұлттық және таза қазақ коммуналары да болды. Мысалға, Семей губерниясында: «Заря», «Коммунар», «Энергия», «Истинный путь», «Червона Украина»; Қостанай губерниясында «Заря»; Орынборда «Ленин» атындағы және т.б. болды (Асылбеков, Галиев, 1991: 77-87).

Бірқатар губернияларда құрамында тек жасөспірімдер бар жас жеткіншектер коммуналары да құрылып жатты. Атап айтар болсақ, Семей губерниясында 1921 жылдың өзінде-ақ «Рассвет» коммунасы бар болатын, ал 1923 жылы көрнекі жасөспірімдер ауылшаруашылық артелі, ал Орал губерниясында – «Спартак» және «Роза Люксембург» атындағы коммуналар ұйымдастырылды. Бұдан басқа, қазақ жастары ішінен де тарихта белгілі, үлгілі де көрнекі коммуна құрылды. 1922 жылы тек Орал уезі бойынша осындай жасөспірімдер коммуналарында 237 бозбалалар мен қыздар қамтылып, жұмыс жасады (Социология культуры, 1989: 222).

РЛКЖО ОК-нің 1925 жылы жазылған Қазақстан жасөспірімдер ұйымы жөніндегі шолу хатында былай деп көрсетілді: «Қырғыз елінде 3258 шаруашылық комитеті, 482 тұтынушылар қоғамы құрылған. Ұйым (РЛКЖО) олардың құрамындағы жас азаматтардан хатшыларды сайлау бойынша жұмыс жүргізуде» (Казахстанская организация ВКП(б), 1931:17-19).

Қазақ бозбалаларының келесі бір қызметтері бұл IV Бүкілқазақстандық партия конференциясы (1924 жылдың мамыр айы) «Ауыл мен селолардағы жұмыс жөнінде» атты арнайы

конференцияда, қазақ кедейлерінің бұқаралық ұйымын құру жөніндегі шешімімен тікелей байланыста болып, аталған ұйым оның мүшелерінің ұғынуына қолайлы және тұрмысына тән түрде, оның тап мүдделерін рәсімдеу мен қорғауға қатысты бірігуін қамтамасыз ететіндей қызметті талап етті немесе сондай болу қажет деп түсіндірілді. Соның нәтижесінде жасөспірім арасында әртүрлі одақтар құрылуына әсер етті. «Жарлы» одағы осындай ұйым болып шықты (Казакхстанская организация ВКП(б), 1931:20).

1925 жылдың басында РЛКЖО крайкомының жанында Файнберг, Телешов, Николаев, Жигеревтардан құралған, «ауыл мен селоларда жұмыс жасау бойынша ерекше комиссия» құрылды. Ауыл балалары қатарының өсу мәселелері, белсенділерді дайындау, көшпелі аудандардағы жұмыс тәжірибесін зерделеу және жалпылау – осы аталған комиссия назарының орталығында болды. Яғни ауылдық жеткіншектерді «кеңестік жұмысқа тартуға» деген қажеттілік туындаған болатын. Бұл саяси науқан ауылдық жердегі бай-құлақтарды тәркілеуге деген дайындықтан туындаған болатын (Историография истории ВЛКСМ, 1975:144).

Қазақ бозбалаларының кәсіптік оқумен қамтылуы жайлы бірер сөз. 1921 жылы Қазақстан жастар облыстық комитеті ауылдық ұйымдардың барлық мүшелеріне ашылып жатқан 6 айлық ауылшаруашылық курстарын аяқтауды ұсынды. Дегенмен, аштық және оның салдарымен күрес бұл жұмысты барынша тежеген болатын. Бірақ, көптеген қиыншылықтарға қарамастан, 1922 жылы «әрбір уезде қараша мен наурыз айлары аралығында тек жас бұрыннан жасақталатын курстардың ашылуы ұйымдастырылды», нәтижесінде 1925 жылға қарай ауылшаруашылық оқумен орыстардың көпшілігі және 25 мың қазақ қамтылды, олардың ішінде 20 мың ауылдық жердің жеткіншектері болатын (Казакхстанская организация ВКП(б), 1931:55).

Мұндай үйірмелердің оқу бағдарламалары келесі мәселелерді қамтыды: 1) егіске дайындық; 2) тұқымды өңдеу; 3) құрғақшылықпен күрес; 4) нені егеміз? 5) дала жауларымен күрес және т.б. Бұл ең қарапайым агротехникалық білім беру курсы болды.

Айта кету қажет, агротехникалық білімдерді үгіттеу және алға жылжыту – бірден аштықпен оның салдарларын жойғаннан кейін басталып кетті. Мәселен, 1922 жылы бірқатар губернияларда ауылшаруашылық кәсіпке үйрету бойынша көрнекі еңбек шеберханалары

ұйымдастырылды. Мысалға, тек бір ғана Ақмола губерниясы бойынша 10 шеберхана ашылды.

Ресей Федерациясының Орталық Атқару Комитетінің шешімінің негізінде (1924 ж.) ауылшаруашылық саласына қатысты мамандарды дайындау мақсатымен, ауылдардағы жалпы білім беру мектептерін қайта ұйымдастыру жүргізілді. Селоларда жеті жылдық мектеп негізінде ауылшаруашылық бағыттағы шаруа жастары мектептері (ШЖМ) құрылды (Казакхстанская организация ВКП(б), 1931:58-63).

1926 жылдың 1 қаңтарына қарай Қазақстанның тек қана бес губерниясы бойынша (Ақмола, Семей, Қостанай, Ақтөбе және Орал) 18 ШЖМ жұмыс жасаған, оның ішінде бірнешеуі қазақ, ол жердегі оқушы-қазақтардың саны үш губерния бойынша (Ақмола, Семей және Қостанай), басқа оқушыларға қарағанда, екі еседен аса болды. Оның басты себебі, осы өңірде егін шаруашылығы алдыңғы қатарға қойылған болатын.

Жасөспірім агротехникалық білімдерді үгіттеуші ғана болып қоймай, шаруашылықты мәдени негізде жүргізудің артықшылықтарын іс жүзінде көрсете білді.

Жасөспірім жиналыстарының күн тәртібі кооперация туралы мәселелерден бос болған кез сирек кездесті. Аталған мәселелер жас азаматтарға арналған басылымдарының, оның ішінде қазақ басылымдарының да беттерінде кеңінен жарияланып отырды.

Жасөспірім Одағы бастауыш ұйымдары жанында кооперативтік үйірмелер де құрылды. Жас азаматтар өздерінің кооперативке мүше болуы арқылы халыққа үлгі көрсетті.

Жастардың бастауыш ұйымдары кей кездерде кооператив құрудың бастамашыларына айналып жатты. Мысалы, Қостанай губерниясындағы Урицк уезінің Кенжіғары бастауыш ұйымы өз бастамасымен, өзара жәрдем жөнінде комитет, кооператив және анықтама беру орнын ұйымдастырды (Казакхстанская организация ВКП(б), 1931:45-47).

Жасөспірімдер әртүрлі ауылшаруашылығына қатысты жұмыстарды істеді. Атап айтар болсақ, техникалық қамтамасыздандыру, кредиттік орталықтар, өндірістік, тұтынушылық және ауылшаруашылық кооперативтерінің белсенді мүшелері, т.б. қатарында болды.

1925 жылдың басына қарай кооператив басқармасы мүшелері қатарына Орал аймағы бойынша 6 қазақ және 11 орыс жеткіншегі сайланды. 38 жас кооператив басқармасына уәкіл ретінде енгізілді. Ақмола губерниясы бойынша 1925 жылы 1500 жас кооперация мүшесі болды,

олардың 8-і кооператив басқармасына сайланып, 18-і ревизиялық комиссияға мүше болды, ал 48 жас осы кооперативтердің басқармасына өтті (Нұрпейісов, 1972: 58-59).

Қазақ халқының көп бөлігінің көшпелі өмір салтына байланысты, оны орталықтандыру және сауда-тұтынушы орталықтарға біріктіру айтарлықтай қиындықтар тудырды. Ең алдымен, халықтың көшпенді аймағы тұрғылықты тұрмыс салтына көшу үрдісінде көмек көрсету қажет болды. Қазақ жастарының өздері ұйымдастырған газет-журналдары тұрғылықты тұрмыстың жақсы жақтарын үгіттеуді жүргізді.

Атап өтетін бір мәселе, қазақ халқының сол кездегі ұлттық зиялыларының қазақ жастарының тек ауылшаруашылық жұмыстарын жасағанға өз қарсылықтарын білдіртіп, жоғары жаққа қазақ жастарының орта және жоғары білім алу мүмкіндігі жайлы хаттар жазды. Атап айтсақ, С. Садуақасов бастаған бір топ зиялы Мәскеуге хат жаза отырып, қазақ бозбалаларының оқуы жайлы мынандай ұсыныстар жасады:

«Қазақ төңкерісінен кейінгі қазақ бозбалаларының басты қызметі былай болу керек еді... Төңкеріс қырғыз (қазақ) жастарын жасампаздыққа емес, күресуге үйретті... Сондықтан жастарға енді оқу, жасампаздықты және жасай білуді үйрену қажет. Бірақ жасай білу үшін, білім керек, үстіртін білім емес, қайта терең және салиқалы білім керек... Біздің алдымызда ұшы-қиыры жоқ жұмыс тұр. Біз ірі индустрия, ұтымды ауыл шаруашылығын және үлгілі санитарлық-гигиеналық жағдайлар жасауымыз қажет... Бұл үшін барлық мамандықтар бойынша инженерлер, агрономдар, мал дәрігерлері және медицина қызметкерлері керек. Және бұл адамдарды қырғыз жастары беруге тиіс... біз техникалық білімді шетелде, атап айтқанда Германияда алған мейілінше дұрыс деп санаймыз... Жас адамдарды шетелге жіберудің дұрыстығын таза психологиялық сипаттағы себептермен де дәлелдеуге болады... біздіңше, елден сырт жүргенде өзінді өз ісің үшін елдегіден гөрі анағұрлым жауапты сезінуің мүмкін» (Известия АН КазССР, 1991: 84 -85).

Қазақстан жас буын өкілдері партия ұйымы мен орталық үкіметке азық-түлік салығын жинау мен дайындауда қолғабыс жасады. Азық-түлік салғыртының азық-түлік салығымен ауыстырылуына наразылық білдірген ауқатты орыс қарапайым малшылар мен егіншілерінің біраз бөлігі салық салынатын құрылыстарды жасырып, азық-түлік салығының жиналуын барынша қарсылық көрсетіп бақты. Осы істе де билік пар-

тиясы жасөспірімді айналымға қосып, оларды халық арасына жұмсады.

Азық-түлік салығын жинау үшін, партия жас азаматтарды азық-түлік инспекторлары ретінде пайдаланды. Азық-түлік инспекторлары арнайы құрылған азық-түлік курстарында дайындалды. Азық-түлік инспекторлар армиясы, салық салынған жасырын нысаналарды, артылып қалғандарды анықтап, кеңес өкіметінің азық-түлік салығы саясатын дұрыс жүргізілуін қамтамасыз етуге мәжбүрледі.

1924-1925 жылдардан бастап, ауылдық жастар бастауыш ұйымдарының қоғамдық-саяси қызметі күшейе түсті. 1924-1925 жылдардан бастап, Өлкенің ауыл шаруашылығын қалпына келтіру қарқындары арта бастайды.

1925 жылға қарай Қазақстанның ауыл шаруашылығы 1916 жылғы деңгейінің $\frac{3}{4}$ бөлігіне жетті. Мал саны да 1925 жылға қарай айтарлықтай өсе келе, 1925 жылғы өсім 1924 жылмен салыстырғанда, 39%-ды құрады.

1925 жылға қарай егіс алаңы соғысқа дейінгінің 74%-ын құрады (1924 ж. – 52%). 1925 жылдың қарашасына қарай кооперация 123974 шаруашылықты, немесе Қазақстанның барлық шаруашылықтарының 18,1%-ын қамтыды.

Сөйтіп, 1925 жылға қарай ауыл шаруашылығының соғысқа дейінгі деңгейі толық қалпына келтірілмегеніне қарамастан, онда социалистік нысандардың дамуының маңызды үрдістері байқала бастады, аталған нысандардың кейінгі жылдары одан әрі дамуы – қуатты техника негізінде ірі ұжымдық шаруашылықтың құрылуына әкелді.

Социалистік өзгерістердің орын алуына байланысты қазақ жасөспірімдері ауыл мен село еңбекшілерінің экономикалық тәуелсіздігі үшін күресіне қомақты үлес қосты. Сол жылдардың барлық партия және жастар конференциялары Қазақстанда еңбекшілерді партия мен кеңес өкіметінің ауылшаруашылық саясатын жүзеге асыруға жұмылдыру ұранымен өтті.

РКЖО I Бүкілресейлік конференциясы сонымен қатар, жеткіншектер алдына өндірісті қалпына келтіру мен дамытуға тікелей қатысу міндетін қойды. 1923 жылдың сәуір айына қарай Қазақстан өнеркәсібінде жұмыс жасайтын жас жеткіншектер мен жасөспірімдердің саны төмендегідей түрде берілді:

Орынбор губерниясы – 1240 адам;
Ақмола губерниясы – 123 адам;
Ақтөбе губерниясы – 135 адам;
Семей губерниясы – 483 адам;
Орал губерниясы – 230 адам;

Қостанай губерниясы – 180 адам, Қазақ АКСР көлік шаруашылығында 482 адам, ал барлығы шамамен 3000 жас жұмысшылар мен жасөспірімдер жұмыс жасады (Казахстанская организация ВКП(б), 1931: 33-35).

Қазақстан бозбалаларының өнеркәсіпті қалпына келтіру мен дамытуға қатысуы маңызды міндеттермен белгіленді. Жас жігіттердің басты міндеттерінің бірі ретінде, өндірістік жұмысшылардың жаңа мамандар қатарын, әсіресе оларды жергілікті ұлт жасөспірімдерінен құрудағы күресінде көмек беру болып саналды. Бұл халықтар арасындағы нақты теңсіздікті жою мәселесімен байланысты маңызды мемлекеттік және саяси мәселе болып табылды.

Қазақстанның әрбір жеке кәсіпорнындағы жас азаматтардың аз болуы – жастар бастауыш ұйымдарын құруды қиындатып отырды. Сондықтан жұмысшы жастардың еңбегі мен тұрмысын қорғау бойынша жұмыстың бастапқы нысаны ретінде, оның өмір сүру жағдайын тексеру, кеңестік еңбек заңнамасын, заңды құқықтарын түсіндіру және т.б. болып табылды.

Кеңестік еңбек заңнамасын түсіндіру, жеке меншік кәсіпкерлердің еңбек қорғау нормаларын бұзуларын анықтау және оларды жауапқа тарту, жеке кәсіпорындардың жұмысшы жастары арасында тәрбие жұмыстарын жүргізу – осы аталған шаралардың барлығы, Қазақ бозбалаларының санасына кеңестік идеологияның мақсатын саналарына құюмен болды.

Жасөспірімдер арасындағы жұмыссыздық Қазақстанда жаппай сипатта болмағанына қарамастан, ол Өлке жас азаматтары қатарының қысқару себептерінің бірі болып табылды. Жұмыссыздықпен күрес қазақ бозбалаларының экономикалық-құқықтық жұмысының маңызды бөлігі болып табылды: жұмыссыздықпен күресе отыра, жас жеткіншектер жаңа білікті мамандарды құрудың базасы ретіндегі өндірістегі жұмысшы жас азаматтардың сақталуына септігін тигізді.

Бұдан басқа, жұмыссыздардың бір бөлігі өзара жәрдем беру қассаларынан көмек ала бастады. Жасөспірім арасындағы жұмыссыздықты қысқарту мақсатында, жұмыссыздардың жұмысқа тұруын жеңілдету үшін, мемлекет бірқатар жеңілдіктерге барды. Солардың қатарында, мысалға, қолөнершілерге салынатын салықтың азайтылуы бар. Ұсақ қолөнер өнеркәсібі басым Қазақстан жағдайында бұл жұмыссыздықпен күресудің тиімді шараларының бірі болып табылды.

1925 жылы Қазақстанға басшы болып келген Ф.И. Голошекин ұжымдастыру саясатын жергілікті халықтың пікірімен санаспай асыра сілтеумен бастағаны тарихымызға мәлім. Большевиктер партиясы билікті қолға алған осы жылдар ішінде ұжымдастыру саясатының оң-солымен санаспай бастап кеткені де белгілі.

Соқыр саясатты бастаушылардың қателігінен бір жағынан қазақ халқы аштықтан қырылса, екінші жағынан аман қалғандары бас сауғалап шет ел асып кетті. Ал оған дұрыс әрі әділ пікір айтып өз ойларын жеткізе білген қазақ ұлты зиялыларының тағдыры не болып кеткені тарих ғылымында айтылып та, жазылып та жүр.

Соған қарамастан мен-меншілік танытып ұжымдастыруды қолға алған Голошекин және оның төңірегіндегілер, яғни билік партиясының белсенділері осы тұста да қазақ жігіттерін буынсыз жерге пайдаланғанын көріп отырмыз.

Ауыл шаруашылығын ұжымдастыруда, ұжымшарлардың есептеу жұмыстарын реттестіруде жас буын осы жұмысқа жастар ұйымының мүшелерін шоғырландыру, жаппай ұжымдастыру негізінде байларды тап ретінде жою арқылы егіске дайындықты ұжымдастыру мен егісті өткізуде партия мен кеңестік қоғамның жұмысына да мәжбүрлі түрде кірісті.

Жасөспірім егіс кампаниясының міндеттері айналасында «көпшілікті ұжымдастыру қажет» деп табылды. Қазақстан жасөспірімі социалистік құрылыстың түрлі учаскелерінде жүз елу мыңнан аса жас күрескерлерді қамтыды. Жасөспірімдер қандай қиын кезеңде жүргеніне қарамастан бұл міндетті де мойнына алды.

Біріншісі – егіс кампаниясымен байланысты барлық шараларды қарастыру.

Екіншісі – егіс жоспарын орындауда шешуші рөл атқару, егіс бағдарламасына сәйкес, тұқым қорын жинау, оны дайындау, тұқымды сұрыптау, тазалау және сақтау.

Үшіншісі – соқаларды егіске дайындау және жем қорларын ұжымдастырып, ауылшаруашылық құрал-саймандарын дер кезінде жөндеу.

Төртіншісі – кеңшар, ұжымшар, МТС барлық тракторларының көктемгі егіске дайын болып, тракторлардың толық егіс кезеңіндегі үзіліссіз жұмысы қамтамасыз етілуі мақсатында, егіске ауылшаруашылық қаруларын, әсіресе трактор паркі мен тіркеме құралдарын дайындау.

Әсіресе тракторлардың дер кезінде жөнделуіне, трактор бөлшектерімен дұрыс қамтамасыз етілуіне назар аударып, тоқтаусыз жұмыс жасау үшін жанармай мен майлау құралдарының жеткілікті мөлшерін дайындау.

Бесіншісі – адамдарды ұйымдастыру, толық кампаниядағы жұртшылықты ұйымдастыру және тұқым қорын, жем, құрал-сайман, машина күшін және егісті толық өткізу үшін жұмыс күшін ұйымдастыру.

Егіс жұмысына белсенді қатысуға көпшілікті тарту, әрбір бригада үшін дәл белгіленген жұмыс жоспары бар бригадаларды ұйымдастыру міндеттерді дер кезінде орындауға мүмкіндік жасау.

Жасөспірім осы шаралар айналасында көпшілікті ұйымдастырып, бірден жұмысты бастап кетуі қажет болды.

Жас жігіттердің тек бұқаралық жұмысты ұйымдастыруда ғана емес, сондай-ақ кеңшар, ұжымшар, МТС-тердің ішкі өндірістік-техникалық жұмысын ұйымдастыру мен дайындауда да үлкен жұмыс атқарғанын көре аламыз.

Бірқатар ауылдарда жеткіншектер күшімен тұқым қорлары толық жиналды. Шиелі ауданының «Каран» ұжымшары жанындағы жастар бастауыш ұйымы 40 жаңа түрен жасап шыққан бозбалалар жөндеу шеберханасын ұйымдастырды. Жасөспірім көмегімен аудан бойынша 420 соқа, 340 тырма жөндеуден өткізілді.

Орал аудандық комсомол комитеті ауылшаруашылық құрал-саймандарын жөндеу бойынша 7 бригада; тұқымдарды тазалау бойынша 53 жастан тұратын 8 бригада жұмсады. Жастар бюросының бастауыш ұйымы мен Түркістан ауданының ФЗО-сы 3 толассыз жөндеу бригадасын, Әулие-аталық аудандық комсомол комитеті – 7 бригада жұмсады.

Павлодар ауданының Песчанка селосының жастар бастауыш ұйымы ұжымшарға тұқым сатып алу үшін 240 сом ақша жинады, ауылшаруашылық құрал-саймандар мен ат-саймандарды жөндеуден өткізіп, шамамен 33 тонна астық тазалады. №13 ауыл жеткіншектері тұқым қорын жинауда белсенді көмек көрсетті. Әулие-ата аудандық комсомол комитеті ұжымшарлардағы есептік жұмысқа 50 жас азаматты жұмылдырды.

Шиелі ауданында бастауыш ұйымдар кеңшар, ұжымшарларға нақты тапсырмаларымен келіп тіркелді. Аталған ұйымдар ұжымшар мен кеңшарларға көмек көрсетті, олардың көмегімен социалистік жарыс етек алды. Орал ауданында бірқатар бастауыш ұйымдар кеңшар, ұжымшар және МТС-тердің көктемгі егіске келісім жасасуын тексеруді ұйымдастырды.

1-2 адамнан қоласты ұжымшарларға бөліп, кеңшар, ұжымшар және МТС-тердің бастауыш ұйымдарына өлкелік комсомол нұсқауларын тексеру жөнінде 4 бригада жіберілді. БЛКЖО

Шұбар аудандық комитеті ұжымшарларға 158 адамнан тұратын 16 екпінді жігіттердің бригадаларын жөнелтті. Осыған ұқсас мысалдар өңірдің бірқатар басқа аудандық ұйымдарында да орын алды.

Дегенмен, жасөспірім жұмысында кемшіліктер де орын алған жағдайлар болды. Жастардың табысы мен оң үлгілерімен қатар, олқылықтар мен кемшіліктері, асыра сілтеулері қатар жүрді.

Кемшіліктер мен босандықтар жұмысының негізгі фактілері аудандық ұйымдарда тіркелді. Ұйымдардың, әсіресе солтүстік аудандардың айтарлықтай бөлігі өте кеш әрекет ете бастады. Жаңа буынның егіс майданындағы жұмыс қарқынын күшейту бойынша жұмысындағы алғашқы алға басулар тек ақпан айынан байқала бастады.

Қазақ бозбалаларының көпшілігі сауатсыз болғандықтан, жүргізіліп жатқан саясатты тікелей ұғынды. Сондықтан болар, қазақ бозбалаларының арасында «шолақ белсенділердің» саны арта түсті. Ал ауылдық жердегі қазақ жастар ұйымының тірлігі; тартып алу, ол заттарды тәркілеу, тізімдеу, ұрып-соғу. Ал кеңес өкіметінің жүргізген саясатын бұқараға айтып, түсіндіру, халықтың шынайы жағдайына байланысты жұмыс істеу – олардың қаперіне кіріп шықпады.

Қазақ бай-құлақтарын жою мен мал-мүлкін тәркілеуде де қазақ жаңа буыны ерекше «белсенділік танытты». Себебі, кеңес жұмысына тартылған қазақ бозбалаларының көпшілігі кедей жанұядан шыққандықтан, жалпы саясаттың бағытын – «қазақ байларын» жою деп түсінгендіктен, өзіне қарағанда әл-ауқаты дұрыс қарапайым малшылар мен егіншілерді барынша қысып, өз ісіне «адалдығын» танытты.

Ал көзі ашық, оқыған, сауатты жас бозбалалардың көпшілігін Голощекин – «Тағы бір ірі қателігіміз ... ауылдағы таңдаулыларды округтік жұмыстарға, өнеркәсіпке, совхоздарға, оқу орындарына алдық, ал ескі кадрлар, байлар құйыршықтары, жікшілдер жергілікті жерде көптеп қалып қойды ...» деген сылтаумен оларға қарсы ашық та астыртын тергеу жұмыстарын жүргізіп, оларға неше түрлі айыптар тағып, жұмыстан шеттетіліп, құдалауға түсе бастады.

Қазақ бозбалаларының көпшілігі мемлекеттік қызметте болсын, көтерілісшілердің қатарында болсын өз істерінің дұрыс-бұрысын анықтай алмады.

Ашаршылық пен ұжымдастыруға қарсы көтерілген халықтың жартысынан астамы қазақ

жеткіншектері болса, оларға қарсы шыққан ОГПУ-дің қаруланған отрядтарының құрамы ала-құла болды. Шамамен алғанда 30 % – кәсіби әскери адамдардан құралса, қалған 70 % – өнеркәсіп орындарындағы және партиялық, қоғамдық қызметтердегі жас комсомол мүшелері тартылды.

Бұл жеткіншектердің көпшілігі – өз ұлтынан қол үзген, кез келген қазақты басшының алдындағы абыройы үшін «бай-құлаққа» жатқызудан тайынбайтын – қазақ «шолақ белсенділерінен» құралған болатын. Соның нәтижесінде қазақ жаңа буыны баррикаданың екі жағында өзара соғысуға әкеліп соқты. Мысалға, ОГПУ-дің қарулы отрядтарының құрамында қазақ жастары болса, қарсыластарының көпшілігі «өзегін елім деп өртеген» қазақ жас азаматтары еді. Кейбір деректерде бір көтерісшілер тобында 300-500 шамасында қазақ жігіттері шоғырланған.

Жас жеткіншектер саяси ағарту мекемелерін үгіттеу жұмысын күшейтуді қолға алып, олардың жұмысын егіс маңына көпшілікті жинап ұйымдастыру мәселелеріне бейімдеу қажет деп табылды. Кеңшар, МТС, ұжымшар жанында оқу-үйлері, қызыл бұрыштар, кітапхана-клубтар ұйымдастырылды.

Жастар ұйымы – бұл партия басшылығымен социалистік құрылыстың барлық салаларының жоспарларын орындау үшін күрес жүргізетін миллиондаған армия. Жас жігіттердің жұмысы мен күресінің табыстылығы оны басқаратын органдардың басқару сапасына толық тәуелді болды.

Жалпы емес, нақты жедел басшылық, жас жеткіншектер легін дұрыс, уақытылы бағдарлау, дұрыс таңдалған саяси бағыт, күштерін дер кезінде ұйымдастыру және орналастыру, алуан түрлі оппортунистерге, әкімшілікке және масылдыққа қарсы өжет күрес, егіс жоспарын орындауда түрлі іркілулер мен күмәнданулармен күресу, кең өрісті бұқаралық жұмыс, қатал тәртіп – егіс майданындағы табыс пен жеңістің кепілі болып табылатыны бәріне аян.

БЛКЖО аудандық комитеттері өз басшылығын, төменгі жастар бастауыш ұйымдарының нақты жағдайы мен күштерін есепке ала отырып құрулары тиіс.

Әрбір бастауыш ұйымның өз кеңшарының, ұжымшарының егіс жоспарының орындалуы үшін жауапкершілігін шешпестен, оларға бір уақытта бригада, жеке уәкілдендірілгендерді жөнелту және т.б. түрде күнделікті нақты көмек көрсету қажет. Кей кездерде бастауыш ұйымдарға аудандық комитет тапсырмасымен

баратын азаматтар қажетті көмек көрсете алмай жататын жағдайлар кездесіп жатады. Сол себепті аудандық комитеттермен, төменгі бастауыш ұйымдармен жіберілетін жеткіншектер белсенді, жұмысқа қабілетті және саяси сауатты, жұртшылықты ұйымдастыра алатын, өзіне тапсырылған міндеттерді мұқият орындай алатын азаматтар қатарынан таңдалуы тиіс.

Бастауыш ұйымдар мен оларға жөнелтілетін аудандық комитет өкілдерінен қатал жауапкершілік пен тәртіпті талап ету қажет, олардың КЖО кампанияларға қатысуы, бір-бірімен тәжірибе алмасуы жөнінде баяндамаларын тыңдап, жеке ұйымдар жұмысындағы қателер мен кемшіліктерді бірден түзетіп отыру керек және аталған нұсқаулардың төменгі бастауыш ұйымдарымен орындалуына күнделікті бақылау жүргізіп отыру қажет.

Әсіресе аудандық ұйымдардың егіс кампаниясымен байланысты жұмысына аса зор көңіл бөлу керек. Шаруашылық органдарымен бірлесе отыра, жер ұжымшарлық және басқа да органдардың жұмысын, олардың партия мен үкіметтің нұсқауларын қалай орындайтындығын тексеріп, анықталған кемшіліктерді жоюға бағытталған шаралар қолдану қажет. Қалалық, өндірістік және мектеп бастауыш ұйымдарының ауыл, село ұйымдарына көмек көрсетудегі рөлі орасан зор. Қала бастауыш ұйымдарынан мәдени, жөндеу бригадаларын, бұқаралық жұмысты ұйымдастыру жөніндегі бригадаларды жөнелту, қажет жағдайларда ұжымшарларға еңбек көмегін ұсыну – қала ұйымдарының село және ауыл бастауыш ұйымдарына нақты көмек көрсетудің нысандары.

Сайып келгенде, жеткіншектердің дұрыс басшылық етуі мен көмек көрсете білуі барысында, егіс жоспарын орындауда үлкен қолдау көрсете алатын пионер ұйымдарына да көңіл бөлініп, оларды ауыл шаруашылығы жұмыстарына қосып, оларды осы іске пайдалануды партия дұрыс жол деп тапты. Ал бұл жағдайды қазіргі көзқараспен қарағанда мүлдем қисынға келмейтіні көрініп тұр.

Қорытынды

Сонымен қорыта келе, Қазақстан бозбалаларының бұл кезеңдегі негізгі міндеттерінің бірі болып қазақ ауылындағы жұмысы саналғанын көре аламыз. Сонымен қатар, ол партия саясатының тапсырмаларына сәйкес және соның шеңбері ішінде жергілікті халықты тапқа жіктеуге, атадан сақталып келген кектесуді

жоюға, кедей элементтерін біріктіруге, таптық ұстанымға сәйкес бірыңғай ауылшаруашылық салықты өткізуге, тұрғылықты өмір салтына көшуге бағытталды.

Ауылдағы жастар шаруашылық жүргізудің неғұрлым мәдени әдістерінің, жер заңдарын түсіндірудің, қалың мал, көп әйел алумен, әменгерлікпен және т.б. күресудің жақтаушысы болуы керектігі түсіндірілді. Жеткіншектер ауылдағы атқаратын өз жұмыстарында да билік партиясының басында отырған коммунистік идеологияның негізінде, бірінші ұлттық мүдде үшін емес, ортақшыл мүдде үшін еңбекке кірісті.

Партияның XIII съезі тапсырмасы мен Қазақстан РКП(б) облыстық комитетінің II пленумы шешімдерінің негізінде Өлке жас азаматтары халықты кооперациялау бойынша жұмысын күшейте түсті. Кооперацияны үгіттеу, оған қарапайым малшылар мен егіншілерді және ең алдымен, село мен ауылдардағы жастарды тарту, кооперативтерге әсер етуді күшейту, жалған кооперативтерді анықтау және олармен күресу, кооператор мамандарын дайындау – жас буынның халықты кооперациялау бойынша жұмысының бағыты осындай болды.

Әдебиеттер

XX ғасыр басындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы. Қоныс аудару саясатының күшеюі. Столыпин реформасы [электронды басылым]. – қатынасу режимі: <https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan/show/8736/> © e-history.kz (қаралған күні – 14.07.2020)

Айдар С.С. (1925) «Ауыл жастары жайынан» // Еңбекші жас. №1(21).

Асылбеков М.Х., Галиев А.Б. (1991) Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980 гг.). Алма-Ата: Ғылым. 191 с.

Движение Алаш: Сборник материалов судебных процессов над алашевцами. Трехтомник. (2011). Алматы: ФФ «Ел-шежіре». Т.1. 428 с.

Ермеқбай Т. Формирование и развитие науки советского Казахстана // Известия АН КазССР. (1991) Серия общественных наук. Алматы. №4.

Историография истории ВЛКСМ. (1975, 1976) Научн. сообщ. Москва. Ч. I. 218 с. Ч. II. 150 с.

Казахстанская организация ВКП(б) в решениях ее конференций и пленумов. (1931) Алматы-Москва. Вып.1.

Нұрпейісов К. (1972) Қазақстанның қарапайым шаруалар советтері (1917-1929 жылдар). Алматы. 347 с.

Омарбеков Т. (1997) Ашаршылық ақиқаты // Ақиқат. №5.

Рыскулов Т.Р. (1984) Избранные труды. Алма-Ата. 260 с.

Социология культуры. Культурная активность молодежи. (1989) / под ред. Е.В. Затуловской. Москва: АН СССР, НИИ Культуры. 335 с.

Тәтiмoв М. (1992) Халықнама немесе сан мен сана. Демографтың ой толғаныстары. Алматы: Жазушы. 184 б.

Transnational youth stories in the twentieth century. (2015) // Editorial: Jobs R., Pomfret D. (Ed.). Palgrave Macmillan UK. P. 333.

The history of mankind: scientific and cultural development, vol. VII: XX century. (2008) // First published by the United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization, Place de Fontenoy, 75352 Paris 07 SP, France and Routledge 2 Park Square, Milton Park, Abingdon, Oxon OX14 4RN, United Kingdom. P.904

References

XX gasyr basyndagy Kazhastannyn aleumettyk-ekonomikalyk damuy. Konys audaru sayasatynyn kusheuy. Stolypin reformasy [elektrondy basylym]. [Socio-economic development of Kazakhstan in the early twentieth century. Strengthening resettlement policy. Stolypin's reform] // <https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan/show/8736/> © e-history.kz. (karalghan kuni – 14.07.2020)

Aidar S.S.(1925). Ayl zhastary zhaynan [About rural youth] // Enbekshi zhas. №1(21).

Asylbekov M.H., Galiev A.B. (1991) Socialno-demograficheskie processy v Kazhastane (1917-1980 gg.). [Socio-demographic processes in Kazakhstan]. Alma-Ata: Gylym. 191 s.

Dvizhenie Alash: Sbornik materialov sudebnyh protsessov nad alashevtsami. Trehtomnik. (2011) [Alash Movement: Collection of materials on trials of Alashevites]. Almaty: FF «El-shezhire». T.1. 428 s.

Ermekbay T. Formirovaniye i razvitiye nauki sovetskogo Kazhastana // Izhvestiya AN KazSSR (1991). Seriya obshestvennykh nauk. [Formation and development of science in Soviet Kazakhstan. Bulletin of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR]. Almaty. №4.

Istoriyaografiya istorii VLKSM (1975,1976). [Historiography of the history of the Komsomol]. Nauchn.soob. Moskva. Ch. I.218 s. Ch. II.150 s.

Kazahstanskaya organizaciya VKP(b) v resheniih ee konferentsii i plenumov. (1931) [Kazakhstan organization of the CPSU (b) in the decisions of its conferences and plenums]. Almaty-Moskva.Vyp.1.

Nurpeisov K. (1972) Kazahstannyn sharualar sovetteri (1917-1929 zhyldar) [Peasants' councils of Kazakhstan]. Almaty. 347 s.

Omarbekov T. (1997) Asharshylyk akikaty [The reality of famine] //Akikat. №5.

Ryskulov T.R.(1984) Izbrannye trudy. [Selected Works]. Alma-Ata. 260 s.

Sotsiologiya kulture. Kulturnaia aktivnost molodeji.(1989) [Sociology of culture. Cultural activity of youth] / pod red. E.V.Zatulovskoi. Moskva: AN SSSR, NII Kultury. 335 s.

Tatimov M. (1992) Halyknama nemese san men sana. Demografiyn oi tolganystary. [Folklore or number and consciousness. Demographics]. Almaty: Zhazushy. 184 b.

Transnational youth stories in the twentieth century. (2015) // Editorial: Jobs R., Pomfret D. (Ed.). Palgrave Macmillan UK. P. 333.

The history of mankind: scientific and cultural development, vol. VII: XX century. (2008) // First published by the United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization, Place de Fontenoy, 75352 Paris 07 SP, Franceand Routledge 2 Park Square, Milton Park, Abingdon, Oxon OX14 4RN, United Kingdom. P.904